



**Автор:** Ноян Жанерке Сейденқызы  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 5-сынып  
**Бөлім:** Қиял әлемі  
**Тақырып:** Қожаның қиялы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.5.1. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.
Тілдік мақсаттар:	Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жаза білу
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Мәтіннің мазмұнын меңгереді; Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бресе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Жазу барысында емлелік ерекшеліктерді ескереді; Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады, емлелік ерекшеліктерді ескеріп, орфографиялық нормаға сай жазады.
Бағалау критерийлері:	- Сұрақтарға жауап бере алады; - Өз ойын еркін жеткізе алады
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұстатығы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ, интер белсенді тақта, аудио-видео тапсырмалар т.б
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 минут)	Қызығушылықты ояту - Сергіту сәті. 2 мин Топ ережесін құру. Топ басшысын сайлау Үй жұмысы Өнер – білімнің пайдасы жайында мақал – мәтелдер тауып жазып, мағыналарын түсіндіріңдер. 3 мин «» Білу және түсіну - Балалар, назарымызды енді фильмге аударайық. «Менің атым Қожа»фильмінен үзіндіні көрсете отырып, «Ой шақыру» стратегиясы бойынша мынадай сұрақтар қоямын. 5 мин 1.Бұл фильм қалай аталады? 2.Фильмдегі басты кейіпкер кім? 3.Фильм авторы туралы не білесің? Оқушылардың жауабын тыңдап болған соң фильмнен үзінді көрсетемін. Қожаның қиялға беріліп тұрған сәтін көрсетемін. • Балалар Қожа қандай әрекет үстінде? • Қандай қасиетін байқадыңдар? • Қожа не себепті атақты, танымал тұлғаға айналғысы келеді? • Ол батыр болуды армандағанда тек қана атын шығаруды мақсат етті ме? • Сендердің ойларыңша, оқиға қалай жалғасуы мүмкін? • Дұрыс, балалар, олай болса, біз бүгін Қожаның қиялдау әрекетіне байланысты,сабағымызды «Қожаның қиялы» тақырыбында өткіземіз.	Қожа туралы <a href="https://www.youtube.com/watch?v=gmTHTfNYxng">https://www.youtube.com/watch?v=gmTHTfNYxng</a>  Қожаның түсі <a href="https://www.youtube.com/watch?v=HAVr_kHR1RQ">https://www.youtube.com/watch?v=HAVr_kHR1RQ</a>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 минут)	<p>1 – тапсырма.</p> <p>Әр топқа мәтін бойынша тапсырма беремін, сол мәтін бойынша балалар «Сұрақтар жаңбыры» әдісі бойынша сұрақтар дайындайды. Дайындаған сұрақтарын 2 топ бір-біріне қойып, жауап береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қожаның қиялы</li> </ul> <p>Мен армиядан батыр атанып, орден тағып келе жа–тырмын. Көпір аузында шоқ-шоқ гүл бумаларын ұстаған нөпір жұрт жолымды тосып тұр. Солардың ішінен көзіме оттай басылып, Жанар ұшырай кетеді. Аңсап көріскен Қозы мен Баяндай бір-бірімізге құшақ жая ұмтыламыз. – Жанар! – Қожа! Мектеп директоры Ахметов бастаған бір топ мұға–лім қасыма келеді. «Жарайсың, Қожа. Жігіт-ақ екенсің. Біз сенің мұндай ержүректігіңді білмей, баяғыда бекер ұрсады екенбіз ғой. Кешір», – дейді Ахметов. «Иә, тал–қыдан талқыға сап, күн көрсетпеуші едіңіздер, – дей–мін мен. – Әсіресе әлгі Майқанова апай...» Майқанова маған батып келе алмай, бір шетке таман– ыңғайсызданып тұрады. «Сіз неге оқшауланып тұрсыз, бері таман келіңіз» деймін. Ол қалтырай басып, жақындай түседі. «Кешір, Қожа... Баяғыда мен саған пионер лагеріне жолдама бермегенімді ұмытпаған боларсың». «Иә, ұмытқаным жоқ». «Кешір, кешір айналайын, Қожатай».</p> <p>(Бердібек Соқпақбаев)</p> <p>Дескриптор:</p> <p>Мәтінді мұқият түсініп оқи алады.</p> <p>Мазмұнын түсінеді</p> <p>Сұрақ дайындай алады.</p> <p>Өзін-өзі бағалау: «Бағдаршам»</p>	
Сабақтың соңы (10)	<p>Қолдану □</p> <p>2 – тапсырма. «Менің атым -Қожа» хикаятынан үзінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жанар не үшін жылады?</li> <li>2. Қожа дұрыс істеді ме?</li> <li>3. Қожа сендердің достарың болса, оған қандай кеңес берер едің?</li> </ol> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үзіндіні тыңдайды;</li> <li>- 3 сұраққа жауап бере алады. 3 мин</li> </ul> <p>Сергіту сәті 2 мин</p> <p>Бір - тұрамыз</p> <p>Екі- жүгіреміз</p> <p>Үш- отырамыз</p> <p>Төрт- шапалақтаймыз □</p> <p>3- тапсырма.</p> <p>Оқылым мәтінін негізге алып, деңгейлік тапсырманы орындаңдар.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1- деңгей. Мәтіннен жалқы есімдер мен жалпы есімдерді теріп жазыңдар.</li> <li>2- деңгей. Мәтіндегі деректі зат есімдерді тауып, оған көптік жалғауын жалғаңдар</li> <li>3- деңгей. Өз армандарыңмен бөлісіп, Қожаға хат жазыңдар.</li> </ol> <p>Дескриптор: - жалқы, жалпы есімдерді жазады;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- деректі зат есімдерге көптік жалғауын жалғайды;</li> <li>- хат құрылымын , орфографияны сақтайды. 10 мин □</li> </ul> <p>4 – тапсырма.</p> <p>Жалпы және жалқы есімдерді қатыстырып, «Менің қиял - арманым» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жалқы, жалпы зат есімдерді қатыстырып ойтолғау жазады; 5 мин</li> </ul>	Жанарды ренжітуі <a href="https://youtu.be/NoU3LqAtR-4">https://youtu.be/NoU3LqAtR-4</a>
Рефлексия (5 минут)	СТО «Ойлаудың алты қалпағы» Оқушылар ойлаудың алты қалпағы бойынша сабақты қорытып өз ойларың айтады.	